

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 840 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 22 сәуір N 457. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.20. N 1665 қаулысымен. ~P011665

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін ақы төлеудің тәртібі мен алымдардың ставкалары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 840 қаулысына P980840_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 30, 266-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) атауындағы және мәтініндегі "(жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кіріс министрлігіне жүктелсін";

3) көрсетілген қаулымен бекітілетін Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды сату құқығы үшін ақы төлеудің тәртібі мен алымдардың ставкалары туралы ережеде:

4-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының базарларында тауарлар сату құқығы үшін алым, базарда орналастырылған сауда нүктелерінің санына қарамастан, ондағы орналасқан алаңның әр шаршы метрі (бұдан әрі - базар алаңы) үшін күн сайын төленеді. Алымның ставкасы базар алаңының бір шаршы метрі есебімен белгіленеді. Төлеушінің қалауы бойынша алымақы 1 күннен 30 күнге дейінгі мерзімге төленуі мүмкін. Бұл орайда алымның сомасы күндердің санына бара-бар ұлғайтылады.";

6 және 7-тармақтар алынып тасталсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды сату құқығы үшін алымның ставкалары мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды
сату құқығы үшін алымның ставкалары

әр күн үшін базар алаңының

бір шаршы метрі есебімен
теңгемен

Базардың мамандануы	Базардың санаты		
	I	II	III
Азық-түлік	24	20	16
Заттар	20	18	14
Автомобиль	16	14	12
Мал және жем-шөп	14	12	10

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап 10 күннен кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК